

Жат ағымдар – жастардың жауы

Қай қоғамның болмасын негізгі тірепі жастар екені белгілі. Елбасы Н.Назарбаев барлық Жолдауарында осы жастар мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Өйткені, қай елдің де болашағы жастардың қолында. Ал есемін деген ел өскелен үрпағының келешегіне немісіз жауындағы қарамайды.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы сәттен-ақ жастарға көңіл белудей-ақ бөліп келеді. Алайда ел болған соң оның естісі мен есері, телісі мен тентегі, кергендері мен көргенсіз, т.с. бір-біріне сондай керегар таным-түсініктегі жастардың қатары қылаң беріп қалатыны бар. Жастарымыздың имандылықта бет бұрғандығын малданып, малақаймызды аспанға атқанымызбен, жарқырағаның бәрі алтын еместігін айыра алмаған қар-акөздеріміздің күн жарықтың өзінде жаттың арбауына, бетеннің бұғауына түсіп жатқанын жасыра алмаймыз. Шындығында бұл жастарымыздың әлеуметтік жағдайының анағұрлым тәмендеуінен, рухани ішкі қүйзелісінің артуынан, елде жоққа еліктегіштігінен, үлттық құндылықтардан ажырап қалуынан, қағынан жеріген құландай өз қазағына шекесінен қарауынан туындал отырған факторлар емес пе екен?! Мұрты енді ғана тебіндең, жасы жиырмаға жетіп жығылмаса да, көдімгідей көлгірсіп, дін ілімінен өзінше өзгеше әңгіме тарқатып, өзімбілермендікке салынған дүмшесінде дүмбілездеріміз аз ба еді?! Үлттық кескін-келбетінен басыбутін баз кешіп, таңтеренген кешке шейін тұла бойын түмшалап алып, үйде де, түзде де, тіпті білім ошақтарында да хиджабын тастамайтын әпке-қарындастарымыздың қарасы неге көбейіп барады?! Ал өзіміз құраллы кейір замандастарымыздың, қала берді аға-інілеріміздің балағын шолтитып, белуарына дейін сақалын шұбатып, көп ішінде көзге шықкан сүйелдей көрініп жүргені несі?!

Міне, осының барлығы діни сауаттылығының жоқтығынан, ақ-қараның аражігін ажырата алмауымыздан, бала тәрбиесін бетімен жіберген берекесіздігімізден. Сондықтан да, жастарымыз мейлінше шоғырланған Шымкент қаласындағы білім беру мекемелерінде діни

сауықтыру шарапарын тездетіп қолға алып, оны пәрменді етуді ойластырғанымыз жән.

Осы орайда Шымкент қаласында атқарылып жатқан иғі шарапар аз емес. Жалпы орта мектептер мен арнаулы, жоғары оқу орындарында «Дінтану негіздері» пәні оқытылып келе жатқандығын, діни орталықтардың үдайы жұмыс жүргізіп отырғандығын айтуға болады. Бұл түрғыда біздің М.Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы Дінтану зерттеулер орталығының да еңбегі жеміссіз деп айта алмаймыз. Орталықтың қала аумағында ауқымды жұмыстардың атқарылуына белсенді қатысқанын айтуымызға болады.

Дінтану зерттеулер орталығы тәрбие және қоғамдық жұмыстарды

жолға қойып, жастарға діни экстремизм мен терроризмнің, керегар жат ағымдардың өзекті мәселелерін түсіндірумен қатар, ең бастысы, Елбасының барлық Жолдауарын, әрі мемлекеттік саясатты және идеологияны насиҳаттау бағыттарында айтартықтай шарапарды жүзеге асырып келеді. Мәселен, биылғы оқу жылында ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік жұмыстардың аясында 2 монография, 28 ғылыми мақала, 6 оқу-әдістемелік құрал жарық көріп, халықаралық және республикалық деңгейде 8 ғылыми конференция өткізілді. Ал, оқу орнымындағы жастардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында биылдың өзінде университеттік, облыстық, қалалалық деңгейде 55 лекция оқылып, 15 түрлі кездесулер, 5 пікірталас, 4 рет дәңгелек үстел отырысы өткізілсе, 20 рет теледидар арқылы насиҳат жұмыстары жасалды.

Дінтану зерттеулер орталығының оқу орнында оқытын жастардың сауаттылығын арттырып, тәлім-тәрбие беруде өлшеусіз үлес қосып отырғаны анық. Алдағы уақытта да өз жұмысын бұдан да жандандыра түсетіні сөзсіз.



Б.МҰСТАФАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың
Тәрбие ісі және жастар саясаты
департаментінің басшысы